

- 1 Abukhanov, G. (1960) Kazakh language. Vocabulary, phonetics and morphology and syntax. – Almaty: Kazakh state educational and pedagogical publishing house [Абұханов Ғ. Қазақ тили. Лексика, фонетика және морфология мен синтаксис. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқы-педагогика баспасы.
- 2 Mamanov, Y. (2014) Problems of Kazakh linguistics / Compiled by: Doctor of philology Anes G. – Almaty: Abzal-Ai publishing house [Mamanov Y. Қазақ тил билiminiń máseleleri / Qurastyrgan: f.ғ.d. Ғ.Анес. – Алматы: “Абзал-Аи” баспасы.
- 3 Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax. – Astana, 2002. – 784 p. [Қазақ граматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.]
- 4 Baitursynov, A. (1992) Questions of Kazakh language. – Almaty: Ana tili [Baitursynov A. Тил тағылымы. – Алматы: Ана тили.
- 5 Ediskun, H. (2017) Yeni Türk Dilbilgisi. – İstanbul: Remzi Kitapevi.
- 6 Eyi, E. (2016) Türkçede Filimsiler İle Bağlanan Birleşik Yapılı Cümleler Üzerine // Anadolu Sosyal Bilimler Dergisi.
- 7 Gencan, T.N. (2001) Dil Bilgisi. Ankara: Ayraç Yayınevi.
- 8 Hengirmen, M. (2002) Türkçe Dilbilgisi. Ankara: Engin Yayınevi.
- 9 Balcı, O. (2016) Kazak Türkçesi, Kırgız Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Örnekleriyle Zarf-Fiil Eklerinin Edat Türetme İşlevi // SUTAD. № 39.
- 10 Zhunussova, B.; Baimurnov, Z. (2024) The Nature and Function of the Ancient Turkic Functional Word “Birlan” in Modern Turkic Languages (Using the Example of the Kazakh Language) // Forum for Linguistic. 6(6).
- 11 Tekin, T. (2003) Orhon Türkçesi Grameri. 2. Baskı. – İstanbul: Sanat Kitabevi.
- 12 Gülsevin, G. (1990) Türkçede Şart Gerundiumu Üzerine // Türk Dili. №467(2). Ankara: TDK Yayınları.
- 13 Karahan, L. (1994) -sa/-se Eki Hakkında // Türk Dili. – №516. – Ankara: TDK Yayınları.
- 14 Shabaev, G. (2016) Verb Nomination in the English Language: Analytical Lexemes // Journal of Siberian Federal University // Humanities & Social Sciences. №10.
- 15 Khassenov, B. (2021) Sound symbolism in the Proto-Turkic language // 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies. T.27 (1).

Received: 11.05.2025

MFTAP 16.21.27

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp131-146](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp131-146)

**Г.С. Закиряева<sup>1</sup>, С.А. Жиренов<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

## **СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТЫНДАҒЫ КОНФЛИКТ ПЕН ТІЛДІК АГРЕССИЯ**

*Тіл болмысы – көптеген құзыреттіліктер мен артықшылықтарға ие. Тілге тән құзыреттіліктер мен қызметтердің қатарына эмоционалды-экспрессивтік функциясын жатқызуға болады. Тіл арқылы адамның ішкі сезім-күйі мен эмоциясы сыртқа шығады. Ал сезім мен эмоция жағымды (қуану, таңдану, шаттану, риза болу, т.б.) болуы да мүмкін, жағымсыз (ұнатпау, ренжу, ашулану, налу, т.б.) болуы да мүмкін. Тіл арқылы жарыққа шыққан ойды біреулер құп көрсе, енді біреулер терістеп, конфликтіге келуі мүмкін. Мұндай жағдайда этнос даналығындағы «он пәленің тоғызы тілден» деген тәмсілмен астасып, тілдік конфликт пен агрессия пайда болады. Тілдік агрессия көптеген ғылым салаларының зерттеу объектісі болған сан қырлы құбылыс. Конфликт және тілдік агрессия – коммуникация барысында туындайтын, сонымен бірге әлеуметтік топтар мен*

*тұлғааралық қарым-қатынасқа әсер ететін өзара байланысты құбылыстар. Әртүрлі формадағы тілдік агрессия әлеуметтік топтар мен жеке тұлғалардың эмоциясын білдіретін, өз мақсат-мүддесін көрсететін құрал ретінде қолданылады. Мақалада сөйлеу жағдаятындағы конфликт пен тілдік агрессияның пайда болуы, әлеуметтік ортаға әсері, тілдік ортадағы жағдаяттық сипаты, қоғамдық қатынастардағы ықпалдастық мазмұны лингвистикалық аспектіде ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылады.*

*Кілт сөздер: тіл, тілдік агрессия, конфликт, коммуникация, тілдік тұлға, виртуалды кеңістік, галамтор желісі, дискурс, стратегия.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл біліміндегі антропоэктілік қағидатына негізделген функционалды лингвистика мәселелері тіл қызметінің түрлерін арттыра түсуде. Осы бағытта дамыған лингвистикалық зерттеулер «homo loquens», яғни «сөйлеуші адам», оның коммуникативтік әрекеттері, интенциясы, коммуникативтік ортасы және коммуникациялық принциптері деген мәселелер күн тәртібіне шығуда. Бұл мәселелерді зерттеу кезінде тұрмыстық, іскери, кәсіби коммуникация барысындағы жағымды қарым-қатынас (сыпайылық, әдептілік стратегиялары) ғана емес, бейәдеп сөйлеу әрекеттері де зерттеу нысанына айнала бастады. Тіл қоғамдық ортадағы әрекеттестікке негізделген жанды құбылыс болғандықтан, әлеуметтік ортадағы сөйлеу процестерінің (жағымды/жағымсыз, әдепті/әдепсіз, көңілді/көңілсіз, т.б.) қандай түрі болмасын лингвистикалық аспектіде зерттелуі заңды құбылыс саналады.

Тілдік коммуникация барысындағы тұлғааралық қарым-қатынастар өзара диалогқа құрылып, коммуниканттардың бір-біріне айтқан кез келген сөзі алдыңғы айтылған сөзге жауабы, вербалды/бейвербалды реакциясы өзіндік коммуникативтік актіге енеді. Қоғамдық өмірде адамдардың өзара коммуникациясы стандартты, бірқалыпты бола бермейді. Осыған сәйкес әлеуметтік ортадағы тұрмыстық қатынастар бірде жағымды, бірде жағымсыз сипат алып отырады. Коммуникация барысында бір адамның екінші адамға (адамдар тобына) эмоционалды, әлеуметтік немесе интеллектуалды зиян келтіруі, үстемдік етуі немесе қорлау сынды әрекеттері тіл арқылы көрініс табады. Мұндай әрекеттер психологиялық жайсыздық тудырады, адамның өзіне деген сенімін жоғалтады, жағымсыз салдарға әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда, тіл білімінде конфликтілі (қақтығысты) жағдайлардағы тілдік агрессияны, оның түрлерін, қызметін, салдарын және коммуникация барысындағы динамикасын лингвистикалық тұрғыдан зерттеу маңызды. Тілдік ортадағы конфликтілі жағдаяттар тікелей тілдің қатысуы арқылы жүзеге асады. Қоғамдық ортадағы жанжалдасқан адамдар бір-біріне тілдік тұрғыдан өктемдік жасауы, тілдік агрессияны қару ретінде жұмсауы, эмоционалдық тұрғыдан қысым жасауы тілдің әмбебаптық сипатын көрсетеді. Этнос дүниетанымында «тіл тас жарады немесе бас жарады» дейтін даналықта тілге тән қызметтердің ерекшелігін көрсетеді. Тіл табиғатына тән осындай конфликт тудырушы сипаты мен агрессиялық қуаты лингвистикалық зерттеулерді қажет етеді.

## КІРІСПЕ

Қоғамдық қатынастар барысында коммуникацияға түсуші тараптардың көзқарасы, мақсаты, мүддесі өзара сәйкес келмеген кезде орын алатын кез келген қақтығыс сөйлеу барысында пайда болады. Қазіргі уақытта тілдік коммуникацияның түрлері арта түсуде. Лингвистикалық тұрғыдан тіл ауызша және жазбаша түрде дамиды. Ауызша қатынас субъектілердің тікелей қатысуы арқылы жүзеге асса, жазбаша қатынас субъектілер тікелей емес жанама түрде жазба материалдар арқылы қатынасады. Қазіргі заман адамдары бір-бірімен жүзбе-жүз тілдескеннен гөрі мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы сөйлескенді жөн көретіндіктен, қақтығыстың да басым көп бөлігі виртуалды әлемде болып жатады.

Цифрлық кеңістікте өмір сүріп жатқан адамзат үшін ғаламтор жеке тұлғалар пікір алысатын, өз ойларын бүкпесіз ортаға салып, ашық жазатын алаң қызметін атқарып отыр. Демек, тілдік конфликт – реалды коммуникация кеңістігінде де, виртуалды коммуникация кеңістігінде де кездеседі.

Коммуникацияның қай түрі болса да, оны жүзеге асыратын – тілдік тұлғалар. Тілдік тұлғалардың жасы, жынысы, интеллектуалды әлеуеті, мәдени, психоэмоционалды көрсеткіштері әртүрлі болғандықтан белгілі бір мәселе төңірегіндегі көзқарастары қайшы болуы мүмкін. Пікір қайшылығы түсініспеушілік, кикілжің, қақтығыс тудырады. Қоғамдық ортадағы қақтығыстар ең алдымен тілдік конфликт пен тілдік агрессиядан басталады. Әлеуметтік ортадағы адамдардың өзара келісе алмауы тілдік тұрғыдан екі тараптың түсінісе алмауынан ортақ мәмілеге келе алмауынан туындайды. Бұл жерде екі тараптың тілдік тактиканы дұрыс қолданбауы, коммуникация барысында тілдік тұрғыдан бір-біріне қысым жасауы тілдік конфликт пен тілдік агрессияның туындауына түрткі болады. Әлеуметтік өмірдегі жанжалдарды «тіл көтергенімен» адам көтере алмайтыны белгілі. Сондықтан сөйлеу жағдаятындағы тілдік конфликттер мен тілдік агрессия әлеуметтік институттардың бәрінде кездескенімен ондағы тілдік агрессияға негізделген тілдік бірліктерді (сөз қағысу, өткір диалог, азаматтық дискуссия, т.б.) лингвистикалық тұрғыдан зерттеу тілдің әмбебаптық мүмкіндіктерін көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, «қақтығыс / конфликт (лат. conflictus) — мүдделердің, пікірлердің қарама-қайшылығы» [1, 248]. Дегенмен кейбір ғалымдар «қақтығыс коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас мүлдем үзіліп қалады дегенді білдірмейді, әрі қарай қарым-қатынас не дұрыс бағытта, не теріс бағытта өрбитінін» алға тартады [2, 198]. Теріс бағытта дамитын коммуникация барысында тілдік агрессияның айқын көрініс табары анық.

Сөйлеу жағдаятындағы қақтығыс пен тілдік агрессия қазіргі лингвистикалық зерттеулердің негізгі нысандарының қатарына жатады. Жалпы тіл білімінде мұндай құбылыстарды тілдік қырынан зерттеген бірқатар еңбектер бар. Осы тақырыпта жазылған алғашқы еңбектердің бірі Г.Х. Әженованың «Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы» оқу құралында мұндай жағдайдың орын алуының бірден-бір себептері ретінде төмендегідей мәселелер көрсетіледі:

- сөз еркіндігін пайдалануда бұрмалаушылықтың болуы;
- сөйлеу, сөз қызметін, сондай-ақ тілдік құралдарды пайдалануда шектен шығу салдарынан қоғам арасында көптеген түсінбеушіліктердің, келіспеушіліктердің болуы;
- кейде баспасөзде шындыққа жанаспайтын деректердің жариялануы;
- тілді қолданудағы білім шалағайлығы;
- субъектілердің – адресант (автор) пен адресаттың аялық білімдерінің сәйкес келмеуі [3, 5].

Тілдік агрессия – тілдік қырынан ғана емес, психологиялық, прагматикалық, әлеуметтік, саяси қырларынан қаралатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты тіл білімінде тілдік агрессияға берілген анықтамалар әртүрлі мазмұндық сипат алады. Мәселен:

|                                                                        |                                                                                                                                                                         |
|------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <i>Г.Х.Әженова</i>                                                     | Тілдік агрессия – бұл «ренішті сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдірілуі» [3, 34];        |
| <i>Культура русской речи:<br/>Энциклопедический словарь-справочник</i> | «Тілдік (сөйлеу, вербалды) агрессия – адамға, адамдар тобына, ұйымға немесе жалпы қоғамға тіл тигізуге немесе қасақана зиян келтіруге бағытталған сөйлеу түрі» [4, 27]; |
| <i>Т.А. Воронцова</i>                                                  | «Қарым-қатынастың субъективті-объективті түріне және адресатқа теріс әсер етуге негізделген жанжалды сөйлеу түрі» [4,27];                                               |

|                         |                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <i>Е.И. Коряковцева</i> | «Агрессивті сөйлеу барысында екі интенция көзделеді: 1) әлдебіреуге немесе әлдебір нәрсеге деген теріс көзқарасты білдіру (агрессияның аффективті векторы); 2) антидиалогқа бағытталу (прагматикалық вектор)» [4, 27]. |
|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Коммуникация барысындағы тілдік агрессияға қатысты теориялық анықтамаларды негізге ала отырып, бұл мақалада «тілдік агрессия – адамның (адамдар тобының) көңіліне келетін сөздер мен сөз тіркестері, өктем сөйлеу, қақтығыс жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы сөйлеу» деген мағынада қолданылады. Тілдік агрессия масс-медиа дискурсындағы *өшпенділік тілі, конфликт (жанжал) тілі* сияқты кеңінен таралған құбылыстармен өзара сабақтас болғанымен, бұл ұғымдар бір-біріне сәйкес келе бермейді.

*Өшпенділік тіліне* әлі күнге дейін нақты анықтама берілмеген. Шетелдік зерттеушілер өшпенділік тілінің үш сипаттамасын атап көрсетеді:

1. Өшпенділік тудыратын сөздер мен сөз тіркестері белгілі немесе тиісті адамдар мен адамдар тобына бағытталады;
2. Белгілі бір топтың жағымсыз қасиеттерін негізге ала отырып, сол топқа жағымсыз деген таңба таңылады;
3. Таңба таңылған топтар өшпенділік объектісіне айналады [5, 96].

Тілдік ортадағы жанжалдасулар мен қақтығыстар қоғамның әр саласына қатысты саналады. Лингвистикалық тұрғыдан конфликт терминіне берілген анықтамалар жиі кездеседі. Бұл терминнің тіл біліміндегі анықтамасы: қайшылық жағдайында өз мүдделерін іске асыруды көздеген екі немесе одан да көп адамдардың (адамдар тобының) қақтығысы. Конфликт – коммуниканттардың мақсаттарынан, ниеттері мен мүдделерінен байқалатын шынайы немесе қиялдағы, объективті немесе субъективті қарама-қайшылықтарға негізделген қарым-қатынастың ерекше түрі саналады [6, 17]. Коммуникативтік ортадағы сөйлеу агрессиясымен байланысты конфликттің жанрларына жататын мынадай түрлерінің бар екендігі белгілі. Олар: жанжал, ұрыс-керіс, дау-дамай, жала жабу, өктем сөйлеу, дауыс тонын көтеру, айғай және т.б. Бірақ конфликтті мен агрессивті мінез-құлықтың мұндай түрлері өзара тең дәрежеде қарастырылмайды. Конфликт – белгілі бір жағдайларда жеке тұлғаның және социумның адамгершілік тұрғысынан жетілуіне ықпал ететін эмоционалды категория. Конфликт тілдік агрессиямен байланысты, өйткені жоғарыда айтылғандай, конфликт кезінде адам жағымсыз эмоционалды күйге түседі. Сондықтан тілдік агрессия конфликт кезінде эмоцияны «сыртқа шығару» тәсілі ретінде көрінеді [4, 25].

Ғылыми әдебиеттерде сөйлеу жағдаятындағы тілдік агрессияның қауіпті тұстарына төмендегідей мәселелер түрткі болады деп саналады. Олар:

- өзара сөйлесу әрекетіне кедергі келтіреді;
- қарым-қатынасқа қатысушылардың санасына деструктивті әсер етеді;
- толыққанды ақпарат алмасуды қиындатады;
- коммуниканттардың бір-бірін түсінуін едәуір төмендетеді;
- өзара әрекеттесудің жалпы стратегиясын қалыптастыруға тосқауыл қояды.

Тілдік агрессия – тілдің қақтығыс кезіндегі қызметінің көрінісі болғандықтан, бұл құбылысты теориялық тұрғыдан зерттеу «тілдік агрессияның тілдік тетіктерін анықтау», «тілдік агрессия тіл эволюциясына қалай әсер етеді», «цифрлық ортаның тілге әсері», «сөйлеу әдебін қалыптастыру» деген мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Сондықтан сөйлеу жағдаятындағы конфликт пен тілдік агрессия мәселесі қарастырылған бұл зерттеудің мақсаты қоғамдық ортадағы қақтығыстардың туындауындағы тілдің ықпалы мен тілдік агрессияның коммуникацияны күрделендірудегі мазмұнын ашуға бағытталады. Ал осы мақсатты орындау үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді:

- коммуникация барысындағы тілдік ахуалды орнықтыру мен тілдік конфликтілердің туындауын анықтау;
- сөйлеу жағдаятындағы тілдік агрессияның эмоционалдық мазмұнының коммуникацияға тигізетін әсерін көрсету.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қоғамды цифрландыру, виртуалдандыру қарқынды жүріп жатқан қазіргі жаһандану дәуірінде конфликт және тілдік агрессия – зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Бұл құбылыстар көбіне конфликтология аясында кеңінен зерттелген. Ал БАҚ жарияланымдарындағы тілдік агрессия, өшпенділік тілі этникалық, діни араздықтарға әсер етуші фактор ретінде Р.Д.Қарымсақова, А.Э. Сванкулов, А.К. Алтаева сияқты отандық зерттеушілердің еңбектерінде және бірқатар зерттеу мақалаларында (А.Қ. Таусоғарова, Л.О. Жолдасбек, Ф.Е. Сабырбаева) қарастырылады.

Сөйлеу жағдаятындағы конфликт мәселелері мен тілдік агрессияны зерттеудің материалы ретінде интернет желілерінде жарияланған қоғамдық резонанс тудырған кейстер мен эмоционалды сөз қолданыстар пайдаланылды. Жалпы зерттеу материалында әлеуметтік желілердегі қақтығысты сөзқолданыстар мен жағдаяттық мәтіндер пайдаланылды. Зерттеу материалындағы қақтығысты сөйлесім мәтіндері вербалды және бейвербалды тілдік агрессияның ерекшеліктері ретінде көрсетілді. Мұндай зерттеу материалдары ретінде:

- Конфликт дискурсының ауызша және жазбаша мәтіндердегі картотекалық материалдар (диалогтардан алынған үзінділер, әлеуметтік желілердегі қайшылықты пікірлер, БАҚ материалдары);
- интернет-коммуникациядан алынған тілдік агрессия мысалдары лингвистикалық аспектіде қарастырылып, статистикалық көрсеткіштер негізінде талданады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында зерттеудің бағыт-бағдарына сәйкес индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер, яғни дискурс анализ – қақтығысты қарым-қатынас ерекшеліктері, сөйлеу агрессиясының стратегиялары мен тактикасы мәтіндер негізінде талданады. Сондай-ақ лингвопрагматикалық әдіс-тәсілдер негізінде әртүрлі жағдаяттағы тілдік агрессияның интенциясы мен коммуникациялық әсерлері коммуникативтік актіні көрсету үшін компоненттік, функционалды-прагматикалық, статистикалық әдістер кеңінен қолданылады.

## НӘТИЖЕЛЕР

Сөйлеу жағдаяты кезіндегі тілдік конфликт пен тілдік агрессия ауызша және жазбаша, диалогты және монологты, көзбе-көз немесе сырттай, тікелей немесе жанама түрде жүзеге асады. Ал соңғы уақыттарда тілдік қақтығыстар мен агрессиялар интернет кеңістігінде орын алуы жиілеп кеткендігі белгілі. Бұған бірден-бір себеп ғаламтор желісінің дамығандығы мен пікір айтудың ең оңай ашық алаңға айналуынан байқауға болады. Сөйлеу кезіндегі жағдаяттар «жанды тілдің» бәріне тән процесс. Себебі тілдік қолданыстар қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитын әрі белсене қатысатындықтан, коммуникативтік ортаның шынайы сипатын көрсетеді. Тілдік қарым-қатынастың барлық түрлері арқылы жүзеге асса, тілдік конфликт пен тілдік агрессия эмоциялық көңіл-күй сезімдері мен ақиқат өмір туралы ақпарат беретін процеске жатады. Сөйлеу жағдаятындағы конфликт пен тілдік агрессия коммуникация барысында қалай өрбиді, олардың түрлері, коммуникативтік акт кезіндегі жіктелімі мен ғаламтор желісіндегі қолданысы туралы төмендегідей талдау түрлері жүргізіледі.

Ақпараттық кеңістік тілдік бірліктердің қолданысынан тұрады. Ақпараттық кеңістіктің белсенді ортасы ғаламтор желісі саналады. Қазіргі уақытта дискурстың жаңа түрі *интернет дискурсының* пайда болуына ықпал етті. Соңғы зерттеулерге сәйкес, интернет тілін бір функционалды стильдің аясында қарастыру мүмкін емес, ол бірнеше стильдің элементтерін қамтитын гибридік сипатқа ие. Расында да, жүзбе-жүз сөйлесіп отырғандай әсер беретін онлайн диалог, орфографиялық ережелердің сақталмауы, әртүрлі жаргондар мен сленгтерді қолдану секілді белгілеріне қарап *ауызекі сөйлеу стилінің* белгілері байқалады. Ал әріптер

мен символдарды қолдану мүмкіндігі, тыныс белгілерін қою, визуалды қабылдау *жазбаша стильдің* белгілерінен көрініс береді [7, 109-111].

Ғаламтор кеңістігіндегі тұлғааралық қарым-қатынас әртүрлі тақырыпты арқау етеді. «Номо loquens», яғни «сөйлеуші адам» жағдаятқа қарай өзін әртүрлі қырынан көрсетеді. Тұлғааралық қарым-қатынас барысында тілдік тұлға (тұлғалар тобы) өзінің діттеген мақсатына қол жеткізе алмаған кезде коммуникативтік конфликт пайда болады. Мұндай конфликт барысында тілдік құралдардың соңғы қаруы саналатын тілдік агрессия көрініс табады. Конфликт кезінде сөйлеу стратегияларын К.Ф. Седов 3 түрге бөліп қарастырады:

1. *Инвективті стратегия* – коммуникация барысында эмоционалды-биологиялық реакция сыртқа шығып, қызбалыққа салынған тілдік тұлға айғайға басып, былапыт сөздер айтады.


2. *Куртуазды стратегия*, мұндай стратегия кезінде тілдік тұлға әлеуметтік қарым-қатынастың әдеп ережелерін сақтайды. Алайда қатты ашуланған кезде жылау сияқты психикалық күйге түсуі мүмкін.

3. *Ұтымды эвристикалық стратегия* сабырлылыққа, парасаттылыққа, дұрыс ойлауға негізделеді. Қатты ашуланған кезде мұндай стратегияны ұстанған тұлғалар қарқылдап күлуі мүмкін. Демек, мұндай жағдайда жағымсыз эмоция тікелей емес, жанама түрде беріледі [8].

Тілдік тұлға конфликтілі қарым-қатынасқа түскен кезде «мен мына стратегияны таңдаймын» деп алдын ала болжам жасамайды, жағдайға байланысты тосыннан әрекет етеді. Мұндай әрекет нәтижесінде тілдік агрессияның вербалды және бейвербалды түрлері тұлғаның еркінен тыс көрініс табады.

## ТАЛҚЫЛАУ

Тілдік агрессияны топтастыру кезінде тілшілер көбіне А. Басстың классификациясын негізге алады. Ғалым тілдік агрессияның төмендегідей түрлерін көрсетеді (1-сурет):



1-сурет. Тілдік агрессияның түрлері

Бір адамның екінші адамға (адамдар тобына) тіл тигізуі, мысқылдап сөйлеуі, мазақ етуі *белсенді тікелей агрессияға* жатады [9]. Бұл агрессия түрі киберкеңістікте кеңінен таралған құбылыс. Қазіргі өзекті тақырыптардың бірі саналатын Ресей-Украина соғысына, Америкадағы Президент сайлауының осы соғысқа, барша елге тигізетін әсеріне қатысты abai.kz сайтындағы пікір білдірушілердің бір-біріне бағытталған мынадай пікірлерінен белсенді тікелей агрессияға тән белгілерді байқауға болады:

*ҚОЛДАЙМЫН!* 2024-04-24 17:53:20

*Борат лохтарға* 2024-04-24 16:36:18 *Сендер ешқашан нағыз ұлт мен мемлекет бола алмайсындар. Сатқындық, көре алмаушылық, ұрлық, алдаушылық және оңбағандық –*

*сендердің басты қасиеттерің. Өле қалыңдар, отстой мен топастар (пікірлер қарінтік түзетулер арқылы берілді)*

Мұнда «ҚОЛДАЙМЫН!» деген лақап аты бар пікір білдіруші «Борат» деген лақап аты бар пікір білдірушінің пікіріне тікелей агрессиясын білдіреді. «ҚОЛДАЙМЫН!» лақап аты бар пікір білдіруші Ресейді қолдаған пікір білдірушіге «Өле қал» деп ауыр, қарғыс мәнді сөз айтып қолданады. С.Бизақовтың пікірінше, «қарғыс тек қорлық көрген, азапталған кезде ғана емес, көңіл-күйі болмай, қатты кейігенде, керегінен айырылып, өкінгенде т.б. жағдайларда да айтылып қалады» [10, 23]. «Отстой» сленгі кез келген құбылыстың терістігін, жағымсыздығын білдіретін, жастар мен жасөспірімдер арасында жиі қолданылатын сленг. «Топас» сөзі «ой-өрісі нашар, надан, ақымақ, кеше» мағынасында қолданылып тұр.

Келесі мысалда DANA QAZAQ және Бандерашыл & укро-қазақ лақап аттарымен белгілі желі қолданушыларының текетіресі көрсетілген:

DANA QAZAQ 2022-10-15 11:29:50

*Бандерашыл & укро-қазақ 2022-10-15 08:52:00.....Ақылды бола қалуы 1, Путин ақыл айтады, 2, Путин ақша береді, 3, Путин қорқытады. 4, Новичок қолданады. Мұны мұқым әдемедегі ИТ ЕКЕШ ИТЕРІДЕ біледі. Сен шал НИК ті жалаптар сияқты өзгерте бергенен сен ақылды бола қалмайсың. Был алкашом и останешься (пікірлер қарінтік түзетулер арқылы берілді).*

Бандерашыл & укро-қазақ 2022-10-15 12:29:30

*☹ Кеше — «шала казах» нигімен жүрген наркоман салафит, бүгін — «дана қазақ» болыпты? Қазақтың данасы сендей тупой нарик болса, — жетіскен екен? Гәп жоқ! \*\*\* Сенің орнында тауықтың миындай миы бар адам болғанда, ондай ник сайлауға ұялған болар еді. Ал, тупой нарикке — б ә р і б і р!...))) ☹*

Бұл мысалдарда желі қолданушылары бір-бірінің интеллектісін төмен бағалап, бетіне басу, жоққа шығару, бірін-бірі терістеу сияқты белсенді тікелей агрессияны көрсетіп тұр. Бірде бір-бірін *салафит* деп діни көзқарасы үшін жазғырса, бірде *алкаш*, *нарик* деген пейоратив сөздер арқылы тілдейді. Адамның бойындағы адамгершілік кемшіліктерін сипаттауда қолданылатын пейоративтер – психологиялық манипуляцияның тиімді құралы саналады.

Сондай-ақ пікір алаңында «Әй, дүмше ақымақ, орыстың одақтасына ["ЕАЭС", "ОДКБ", "ШОС"] НIMARS беретіндей "пндостар" сендей ақымақ *qo\*@qb@s емес қой!*», «*Оишым, тупой ваххабит, ПНХ!*», «*Тұнып тұрған Ёобр екен го*», «*<<Мен қыздарды жанымдай көремін, олар мені а\*\*\*\*\*й көреді>>, деген сөз бар, сайлаушы інім!*» секілді жағымсыз эмоцияны көрсететін нигилистік сипаттағы бір-біріне жауап ретінде берілген пікірлер де бар. Әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың қолданысындағы мұндай бейнормативті сөздерді ғалымдар «тілдің жұтандығын көрсететін жұпыны балағат сөздер сөйлеу кезінде сөз протездерінің рөлін атқарады» деп көрсетеді [11, 125].

Тілдік тұлғаның имплицитті интенциясын көрсететін сарказмды (мысқылды) да тілдік агрессияға жатқызуға болады. Соңғы кездері БАҚ құралдарында «құлақтан кіріп бойды алып», қызыл тілімен ауадан ақша жасайтын, халыққа ақыл-кеңес беретін, өмір сүруді үйрететін коучтар мысқылдап «инфосыған/дар» деп аталып жүр. Бұл «инфобизнес» деген біріккен сөздің екінші сыңарына «сыған» деген жағымсыз мәнді лексеманы қосу арқылы жасалған жаңа қолданыс. Сыған сөзінің «үйі-күйі жоқ, көшіп-қонып жүретін адам» деген ауыспалы мағынада қолданылатыны белгілі. Бірақ бұдан бөлек, халық арасында сығандардың сиқырын іске асырып, адамды алдап, тақырға отырғызып кететіндігіне мән беріліп, «инфо+сыған» атауы қалыптасқан. Бұл неологизмнің пайда болуына сыған ұлтының осы бір келеңсіз қасиеті арқау болды.

3. Агрессия объектісіне қатысты жалған ақпарат тарату, жала жабу немесе өсек тарату *белсенді жанана агрессия* болып саналады. Демек, тілдік агрессияның бұл түріне анық-қанығы белгісіз, анықталмаған ақпарат, жорамал, сыбыс әңгіме түріндегі пікірлер жатады [9]. Әлеуметтік желіде өзін блогермін деп таныстырып жүрген жас жігіт: «— *Мұқағали*

*Мақатаев жалпы “жаловаться” ете беретін сорлы еркек болады ғой – вот сондай. “Бүгін менің туған күнім ой пәлі-ай, мына адамдар неге жатыр тойламай” – дейді. “Ей, сен бл... (былапыт сөз) бірінші жасасаңшы туған күніңді – сосын барамыз ғой. “Банкет жасап берер едім өзім-ақ, тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай” – дейді. Причем тут, Құдай? Сенің туған күніңде үстеліңнің жайылып тұрғаны Құдайға байланысты ма? Өзің жаса! Еркексің ғой, не үшін отырсың мына жерде? Отаныңды қорғайсың – еркексің, әулетіңді қорғайсың – еркексің. Әйеліңді қорғайсың – еркексің. Үкіметтен “үйді қашан береді” деп күтіп отырсаң, онда сен еркек емессің», – деп қазақтың ақиық ақынын балағаттап, тіл тигізеді. Агрессия құбылысын жан-жақты қарастырған А. Бандураның пікірінше, агрессияның өте маңызды аспектісі – оның белгілі бір агрессивті стратегияларының болуы. Мәселен, агрессордың өзін-өзі ақтау стратегиялары:*

- өз агрессиясын басқа адамның жағымсыз әрекеттерімен салыстыру, блогер мұнда ақын «неге туған күнінде өзі банкет жасамады, неге «үй береді» деп күтіп жүр, өзі әрекеттенбей ме» – деген мазмұндағы сұрақтар қою арқылы оны бүгінгі заман адамымен (бәлкім, өзімен) салыстырады;

- агрессия жоғары құндылықтарға қызмет етеді, демек, блогердің мұндай әрекетке баруының бірден-бір себебі – өзін таныту, ақпараттық танымалдылықты көздейді. Сөз соңында осындай рилстерді түсіретін сабақтар үйретемін, «провакацияның, пропаганданың көкесін жасап берем» деп өзін жарнамалайды, осылайша өзі үшін құндылықтың ақша табу екенін білдіреді;

- өз құрбанының бойындағы адамгершілік қасиеттерді жоққа шығару, оны азғын етіп көрсету [12, 576]. Блогер бұл мақсатына жету үшін ақынды балағаттап, қорлайды;

Белсенді жанама агрессияның бір ерекшелігі – агрессор өзінің теріс пікірін объектісіне тікелей бетпе-бет немесе көзбе-көз тұрып айтпайды, оның сыртынан балағаттап, тіл тигізеді. Еліміздің бір топ дизайнерлері отандық бағдарламаға берген сұхбаттарында атакты әншіні «талғамы жоқ әнші» деп бағалайды. Ал әнші сәнқойдың «артық салмағы бар екенін» бетіне басып, оны «шошқаға» теңейді. Әлеуметтік желідегі жазбасында тілдік агрессияның арты жанжалға ұласып, коммуникацияның сәтсіздігіне алып келеді. Зерттеушілердің пікірінше, «коммуникацияны сәтсіздікке ұшыратуға деген ұмтылыс та коммуникациялық мақсат». Мұндай жағдайда коммуникацияның сәтсіздікке ұшырауы – коммуникациялық интенцияның іске асуы, коммуникациялық тұрғыдан жеткен жетістік болып саналады [13]. Өзіне тіл тигізген әнші сәнқойдың шамына тию үшін агрессивті сөздерді қолданған, осылайша әнші өзінің коммуникациялық интенциясын іске асырады.

3. Қарсыласпен диалог жүргізуден, сөйлесуден, оның сұрақтарына жауап беруден және онымен кез келген тәсілмен байланыс орнатудан бас тарту *пассивті тікелей агрессияға* жатады [9].

Пассивті тікелей агрессия «агрессордың» вербалды әрекеттерінен емес, бейвербалды әрекеттерінен байқалады. Адам (адамдар тобы) екінші адамның (адамдар тобының) әңгімеге тарту әрекеттеріне жауап беруден бас тартады. Ливан мен Израиль қақтығысына байланысты Нью-Йоркте өткен БҰҰ Бас ассамблеясының сессиясы барысында трибунаға Израиль мемлекетінің премьер-министрі Нетаньяху шақырылады. Сол сәтте араб елдерінің делегациясы өздерінің агрессиясын білдіріп дереу залдан шығып кетеді. Қалай болса да, бұл жағдай агрессия болып саналады, өйткені агрессор өзінің мінез-құлқы, өзін-өзі ұстау әрекеті арқылы агрессия объектісіне теріс эмоционалды әсерін білдірді. Араб елдерінің бұл әрекеті трибунада тұрған объектінің өзін-өзі кінәлі сезінуі үшін жасалып тұр. Араб елдері делегациясының бұл пассивті тікелей агрессия әрекетін «Ливанға бомба тастап, мыңдаған адамды жазықсыз өлтірдіңдер. Біз неге сендерді тыңдауымыз керек?» деп декодтауға болады.

4. Нақты ауызша түсініктеме немесе жалпы түсініктеме беруден бас тарту *пассивті жанама агрессияға* жатады [9].

Агрессияның бұл түріне көбіне-көп қоғам қайраткерлерінің әртүрлі мәселелерге байланысты журналистерге жауап бермей, сұрақтан жалтарғанын жатқызуға болады. Елімізде енді ғана мандатын алған жас депутат журналистердің сұрағын елемей, Қаңтар оқиғасы жайлы сұраққа «Алла баршаңызды аман етсін!» - деп жауап берген. Осы депутат парламент палаталарының бірлескен отырысында да журналистердің ешбір сұрағына жауап қатпай кеткен. Бұл келтірілген мысалдарда жауаптан жалтарудың бірден-бір себебі – ыңғайсыз сұрақтан қашу немесе жалтару саналады. Демек, бұл жағдайда пассивті жанама агрессия үнсіздік арқылы көрініс табады.

Франция клубының формасын киіп жүрген қазақстандық журналист Б.С. баспасөз мәслихатында футболдан ұлттық құраманың бас бапкеріне (С.Ч.) қазақ тілінде сұрақ қояды. Бас бапкер «Сен французша сөйлеп тұрсың ба?», – деп журналистің сөзін бөледі. Бұл жағдайда қазақ тілін білмейтін, «білуге міндетті емеспін» деген ойдағы бас бапкер орынсыз әзілімен пассивті жанама агрессиясын көрсетіп тұр.

Сөйлеу субъектісі лексикалық, грамматикалық, стилистикалық және интонациялық тілдік құралдарды пайдалану арқылы коммуникация объектісіне деген тілдік агрессиясын вербалды түрде көрсетеді. Ал үнсіздік, жауаптан жалтару сияқты әрекеттері арқылы агрессиясын бейвербалды түрде көрсетеді. Қақтығысты жағдаяттардағы тілдік агрессия қоғам өмірінің барлық саласын қамтиды. Тілдік агрессияның «артық кеткен» түрлері заңнамалық деңгейде, халықаралық, сондай-ақ жекелеген мемлекеттердің заңы аясында реттеледі. Қазіргі уақытта сөйлеу агрессиясы өте жиі байқалатын кеңістік – бұқаралық ақпарат құралдары (теледидар, басылымдар, интернет-коммуникациялар және т.б.) саналады.


Қазіргі уақыттағы тілдік коммуникация жаңа бір формаға енгендігі белгілі. Ол форма тілдік коммуникацияның ғаламтор желісіндегі белсенділік сипат алуынан көрінеді. Осыған сәйкес тілдік коммуникацияны онлайн/оффлайн деп бөлу үрдісі де қалыптасты. Оффлайн коммуникацияға қарағанда онлайн коммуникацияның белсенділігі де арта түскендігін байқауға болады. Ғаламтор желісіндегі онлайн коммуникация барысында тілдік агрессияның да жиілігі артып, желі қолданушыларының арасындағы тілдік агрессия да жаңаша мазмұнға ие болуда. Осы зерттеудің нәтижесінде сөйлеу жағдаятындағы конфликт пен тілдік агрессияның лингвистикалық сипатын көрсету үшін төмендегідей бірнеше әлеуметтік сауалнамалар мен статистикалық талдау жұмыстары жүргізілді.

Мәселен, «жеке тұлғалар виртуалды кеңістікте агрессияны қаншалықты жиі байқайды, өздерінің агрессиясын қалай көрсетеді, тілдік агрессияға байланысты тілдік тұлғаларды қалай топтастыруға болады» деген мәселелерді анықтау мақсатында «Виртуалды және реалды кеңістіктегі белсенділігіңіз» деген тақырыпта зерттеу жүргізілді. Сандық сауалнама түріндегі эмпирикалық зерттеуге 43 адам қатысты. Сауалнама қатысушыларға Google Form нысаны арқылы жіберілді. Зерттеуге қатысушылар туралы деректер:

| Қатысушылар саны | Жынысы  |       |       | Жасы  |       |       |
|------------------|---------|-------|-------|-------|-------|-------|
|                  | ер адам | әй ел | 15-25 | 25-35 | 35-45 | 45-60 |
| 43               | 20      | 23    | 3     | 9     | 23    | 8     |


1-кесте.

«Жағымсыз реңкте жазылған бейнормативті лексиканы қай жерден жиі көресіз?» деген сұраққа респонденттердің 30%-ы БАҚ құралдарының пікір аландарын, 30%-ы әлеуметтік желілерді, 30%-ы мессенджерлер мен боттарды белгілеген, респонденттердің небәрі 10%-ы ғана бейнормативті лексиканы мүлдем кездестірмегенін көрсетті (2-сурет).



2-сурет. Жағымсыз реңкте жазылған бейнормативті лексиканы қай жерден жиі көресіз?

«Ғаламтор желісіндегі әлдебіреудің іс-әрекеті, сөзі ұнамаған кезде пікіріңізді қалай білдіресіз?» деген сұраққа респонденттердің 65%-ы жағымсыз реңкті білдіретін смайлик қоямын, 20%-ы бейнормативті лексиканы қолданамын, 15%-ы ауызекі тілдегі нормативті лексиканы қолданамын деп көрсетті (3-сурет).



3-сурет. Ғаламтор желісіндегі әлдебіреудің іс-әрекеті, сөзі ұнамаған кезде пікіріңізді қалай білдіресіз?

Тілдік коммуникациялық кеңістік саналатын ғаламтор желісі тілді қолданатын жай ғана кеңістік емес, өзіндік тілі бар жүйе деуге болады. Жас ғалым Ж.А. Сарсенбай әлеуметтік желі дискурсының өзіне тән белгілерін былайша санамалап көрсетеді:

1. Виртуалды коммуникацияға бейтаныс коммуниканттар қатысады.
2. Әлеуметтік желі дискурсында бір ғана функционалды стиль емес, аралас стиль қолданылады.
3. Бейвербалды құралдар мен эмоционалды-экспрессивті лексика көп қолданылады.
4. Виртуалды коммуникация еркін сипатта өтеді.
5. Хабарламаларда әріп жазулардан бөлек, сурет, бейне және дыбыс жазбалары да болады.
6. Әрі жазбаша, әрі ауызша дискурс орын алады.
7. Әлеуметтік желіде агрессивті сипаттағы қолданыстар көп: дөрекілік, тәрбиесіздік, моральдық құлдырау және т.б.
8. Тілді үнемдеу қағидатына негізделеді [7, 112].

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, «Жағымсыз реңкте жазылған бейнормативті лексиканы қай жерден жиі көресіз?» деген сұрақ әлеуметтік желіде агрессивті сипаттағы қолданыстардың көп екенін дәлелдеп тұр (респонденттердің 90%-ы растады). Ал «Ғаламтор желісіндегі әлдебіреудің іс-әрекеті, сөзі ұнамаған кезде пікіріңізді қалай білдіресіз?» деген сұраққа респонденттердің 65%-ы ішкі жағымды/жағымсыз сезімді білдіру үшін смайлик секілді паралингвистикалық құралды қолданатынын көрсетті. Демек, бұл сұрақтар Ж.А.

Сарсенбайдың «виртуалды коммуникация барысында бейвербалды құралдар мен эмоционалды-экспрессивті лексика көп қолданылады» деген пікірімен өзара сәйкес келеді.

Ю.Н. Караулов тілдік қолданыс пен сөйлеу жағдаятындағы әр мәтіннің артында тілдік жүйені жетік меңгерген тілдік тұлға тұратынын айтады [14, 27]. Тілдік тұлғаға тән сөйлеу түрлерін егжей-тегжейлі сипаттаған К.Ф. Седов тілдік тұлғаны келесідей топтарға бөлуді ұсынады:

- конфликті іздеп тұратын тұлға, қарым-қатынас барысында серіктесіне қарсы көзқараста болады және әңгімелесушінің есебінен өзін-өзі көрсетуге ұмтылады;
- өзіне басымдық беретін тұлға, мұндай тұлғалар әңгімелесіп жатқан серіктесін елемейді, тек өзіне бағдарланады;
- ынтымақты тұлға, серіктесінің көзқарасына басымдық береді [8].

Агрессиясын көрсету түріне қарай респонденттерді К.Ф. Седов ұсынған жіктемеге байланысты топтастыру мақсатында келесідей 2 сұрақ қойылды: *«Азық-түлік дүкенінде кезекте тұрсыз. Кенет сіздің алдыңызға жастардың легі ескертусіз, сұраусыз тұрып алды, не істейсіз?»* және *«Тойда сізді танымайтын және елдегі соңғы оқиғаларға байланысты тақырыпта әңгімелесіп отырған қонақтардың қасына отырғызды. Ол кісілердің пікірлері сіздің ойыңызға түбегейлі қарама-қарсы болып жатыр. Сіздің әрекетіңіз?»*.

Бірінші сұрақ жеке тұлғаның күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі көңіл-күйінің әртүрлі болатынын ескере отырып қойылды. Респонденттердің 20%-ы ашуға беріліп, жанжалдасатынын көрсетті, ал 80%-ы бейтарап көзқарасты ұстанамын деп белгіледі (4-сурет).



4-сурет.

Екінші сұрақ жеке тұлғаның тойға барған кезде көтеріңкі көңіл-күйде болатынын ескере отырып қойылды. Респонденттердің 70%-ынан бейвербалды агрессияның белгілері байқалды, 20%-ы дастарқандастарының ықпалына беріліп кететінін көрсетсе, 10%-ынан пассив әрекет белгілері байқалды (5-сурет).



5-сурет.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, 1-мысалда респонденттердің 20%-ын конфликті іздеп тұратын тұлғалар тобына, ал 80%-ын өзіне басымдық беретін тұлғалар тобына жатқызуға болады. Ал ынтымақты тұлғалар тобына жататын көрсеткіш респонденттер арасында анықталған жоқ. 2-мысалға сәйкес, респонденттердің 70%-ын конфликті іздеп тұратын тұлғалар тобына, 20%-ын ынтымақты тұлғалар тобына, 10%-ын өзіне басымдық беретін тұлғалар тобына жатқызуға болады деп қорытындылауға болады.

Қорыта келгенде, тілдік агрессияны коммуникация тұрғысынан қарағанда вербалды және бейвербалды, берілу форматына қарай оффлайн және онлайн деп жіктеуге болады. Вербалды агрессияда адамның қарсылығы тілдік бірліктер арқылы беріледі. Бейвербалды агрессия адамның немесе адамдар тобының мимикасы және іс-қимылдары арқылы көрініс табады. Тұлғалардың агрессиясы тек тілдік құралдар арқылы ғана емес, сонымен бірге адамның қимыл-қозғалысынан, мимикасынан да білініп жататын кездері болады. Әлеуметтік желінің адам тұрмысында кеңінен қолданылуына сәйкес, адамдар өз қарсылықтарын бір-біріне әлеуметтік желіде де байқатып жатады. Мақалада олар шартты түрде онлайн форматтағы агрессия деп белгіленді. Сондай-ақ қазіргі уақытта саясат, дін, мәдениет, жеке өмір және т.б. тақырып шеңберіндегі пікірлерге бейтаныс адамдардың бір-біріне өз агрессиясын көрсетіп жататын фактілерін жиі кездестіруге болады. Бұл өз деңгейінде коммуникативтік ортаға психикалық тұрғыдан кері әсерін тигізіп жатады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдік агрессия конфликтіні өршітіп, шарықтау шегіне жеткізетін тілдік құралдың бірі болып табылады. Тілдік агрессия кезінде коммуниканттар бірін-бірі тілдейді, қорлайды, намысын таптайды, ішкі жан-дүниесіне жара салады. Сонымен қатар агрессивті коммуникация алаңында мысқылдау, әжуалау, айыптау, біреудің кемшілігін бетіне басып сын айту сынды әрекеттер басым болады. Соның салдарынан коммуникация барысындағы қарама-қайшылықтар үдеп, екі тарапты диалогқа келтіру қиындай түседі.

Сондай-ақ тілдік агрессия тілдік текетірес құралы ғана емес, конфликтіге қатысушылардың коммуникативтік мәдениет деңгейінің көрсеткіші саналады. Жағдаятқа байланысты тілдік агрессия құбылысы саналы түрде қысым көрсету құралы болуы да мүмкін. Сонымен қатар эмоционалды шиеленіс жағдайында екінші тараптың күтпеген жерден туған реакциясы да тілдік агрессия саналады. Мұны мақала аясында тілдік агрессия құбылысына, оның түрлеріне жасалған талдаулар растап отыр [15].

Тілдік агрессия конфликт барысында шешуші рөл атқарады. Орын алған конфликтіні оңынан шешу үшін тілдік агрессияның табиғатын, дұрыс диалог орнату үшін коммуникациялық стратегиялар мен дағдыларды дамыту керек.

Коммуникативтік акт барысында уақытылы әрекет етпеген онлайн форматтағы агрессиялар адамның жеке басына қауіп төндіретін жағдаяттарға жеткізетін оқиғалар орын алып жатады. Сол себептен де тілді тұтынушыларға тілдік агрессияның берілу мәдениетін, тілдік агрессияның болмысын ғылыми практикалық тұрғыдан да сипаттаудың маңызы зор. Коммуникация барысындағы тілдік агрессияны білдіру кезінде екінші тараптың көңіліне ауыр тиетін тілдік құралдарды, іс-қимылдарды қолдануда психоэмоционалды жағдаятты бақылауға екі тараптың да мүдделі екендігі тұрмыстық өмірде маңызды саналады. Осы тұрғыдан алғанда коммуникация барысындағы конфликт пен тілдік агрессия мәселесін лингвистикалық аспектіде зерттеудің маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түсетін, жаңашыл зерттеулер санатына жатады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Oxford English Dictionary, available at: <https://www.oed.com/> (accessed 2 December 2024)

- 2 Садохин А.П. Мәдениетаралық коммуникация. – М.: Альфа-М: Инфра-М, 2013. – 288 б.
- 3 Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. / Жауапты ред. Г.Х. Әженова. – Алматы: «Әділ сөз», 2013. – 152 б.
- 4 Петрова Н.Е. Қазіргі БАҚ тілі. Сөйлеу агрессиясының құралдары. – М.: Флинта: Ғылым, 2017. – 160 б.
- 5 Jeffrey W. Howard. Free Speech and Hate Speech. Annual Review of Political Science, 2019. P. 93-109 <https://doi.org/10.1146/annurev-polisci-051517-012343>
- 6 Сөйлеу қақтығысы және оны үйлестірудің коммуникативті сценарийлері: оқу-әдістемелік құрал / Михайлова О.А., Михайлова Ю.Н., Шалина И.В.; жалпы редакциясын басқарған: Михайлова О.А. – Екатеринбург: Урал университетінің баспасы, 2022. – 136 б.
- 7 Сарсенбай Ж.А. Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе: норма және узус. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 2023. – 204 б.
- 8 Седов К.Ф. Психолінгвистикалық конфликтология аспектісіндегі тілдік тұлға // Компьютерлік лингвистика және зияткерлік технологиялар: халықаралық конференция материалдары, Мәскеу, 2002. – М.: Диалог-2002, 2002. <https://www.dialog-21.ru/digest/2002/articles/sedov/>
- 9 Кондратьева С.А., Чернова И.С. Сөйлеу агрессиясының түрлері // Заманауи ғылыми зерттеулер мен инновациялар – 2021. № 5 [Электрондық ресурс]. URL: <https://web.snauka.ru/issues/2021/05/95344> (жүгінген күн: 21.11.2024).
- 10 Бизақов С. Көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары. – Алматы: Самара-Принт, 2007. – 308 б.
- 11 Антропова В.В. Әлеуметтік желі мәтіндеріндегі сөйлеу агрессиясы: коммуникативтік аспект // Воронеж мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология. Журналистика сериясы – 2015. №3. – 123-127 бб.
- 12 Bandura A., Ross D., Ross S. A. Transmission of Aggression through Imitation of Aggressive Models // Journal of Abnormal and Social Psychology. – 1961. – № 63. – P. 575–582.
- 13 Peter D. MacIntyre, Jesslyn Doucette. Willingness to communicate and action control. // Elsevier. Syst. 38 (2010) 161-171. <https://doi.org/10.1016/j.system.2009.12.013> (accessed 13 December 2024).
- 14 Караулов Ю.Н. Орыс тілі және тілдік тұлға. – М.: Ғылым, 1987. – 261 б.
- 15 Elliott A., Urry J. (2010). Mobile lives: self, excess and nature. London and New York: Routledge Taylor&Francis Group.

Материал 13.032025 баспаға түсті

### **Конфликт и языковая агрессия в речевой ситуации**

Г.С. Закиряева<sup>1</sup>, С.А. Жиренов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>НАО «Казахский национальный педагогический университет им. Абая», Алматы, 050010, Республика Казахстан

*Природа любого языка полна различных компетенций и особенностей. К ряду функций, выполняемых языком, можно отнести и эмоционально-экспрессивную функцию. С помощью языка человек выражает свои внутренние чувства, настроения и эмоции. Эмоции, в свою очередь, могут быть как приятными (радость, удивление, удовлетворение и др.), так и неприятными (неприязнь, злость, обида и др.). Если одни люди положительно воспринимают возникшую мысль, впоследствии выраженную посредством языка, то другие могут отвергнуть её, в результате чего прийти к конфликту. В связи с этим уместно выражение: «из десяти бед девять приходят от языка». Так возникает конфликт и агрессия. Языковая агрессия – это многогранное явление, ставшее объектом исследования многих отраслей науки. Конфликт и языковая агрессия – взаимосвязанные явления, возникающие в процессе общения и одновременно затрагивающие социальные группы и*

*межличностные отношения. Языковая агрессия в различных формах используется как инструмент выражения эмоций, проявления целей и интересов социальных групп и индивидов.*

*В статье с научно-теоретической и практической точки зрения в лингвистическом аспекте рассматриваются возникновение конфликта и языковой агрессии в речевой ситуации, ее влияние на социальную среду, характер ситуации в языковой среде, а также содержание взаимодействия общественных отношений.*

*Ключевые слова: язык, языковая агрессия, конфликт, общение, языковая личность, виртуальное пространство, Интернет, дискурс, стратегия.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Oxford English Dictionary, available at: <https://www.oed.com/> (accessed 2 December 2024)
- 2 Садохин А.П. Межкультурная коммуникация. – М.: Альфа-М: Инфра-М, 2013. – 288 с.
- 3 Оскорбления и клевета: взгляд эксперта. / Отв. ред. Г.Х. Аженова. – Алматы: «Честное слово», 2013. – 152 с.
- 4 Петрова Н.Е. Язык современных СМИ. Средства речевой агрессии. – М.: Флинта: Наука, 2017. – 160 с.
- 5 Jeffrey W. Howard. Free Speech and Hate Speech. Annual Review of Political Science, 2019. – P. 93-109 <https://doi.org/10.1146/annurev-polisci-051517-012343>
- 6 Речевой конфликт и коммуникативные сценарии его гармонизации: учебно-методическое пособие / Михайлова О.А., Михайлова Ю.Н., Шалина И.В.; под общ. ред. Михайловой О.А.. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2022. – 136 с.
- 7 Сарсенбай Ж.А. Коммуникативная практика в современном казахском языке: норма и узус. Диссертация подготовленная для получения степени доктора философии (PhD). Алматы, 2023. – 204 с.
- 8 Седов К.Ф. Языковая личность в аспекте психолингвистической конфликтологии // Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии: труды междунар. конф., Москва, 2002. – М.: Диалог-2002, 2002. <https://www.dialog-21.ru/digest/2002/articles/sedov/>
- 9 Кондратьева С.А., Чернова И.С. Виды речевой агрессии // Современные научные исследования и инновации. – 2021. № 5 [Электронный ресурс]. URL: <https://web.snauka.ru/issues/2021/05/95344> (дата обращения: 21.11.2024).
- 10 Бизаков С. Слова, выражающие настроение. – Алматы: Самара-Принт, 2007. – 308 б.
- 11 Антропова В.В. Речевая агрессия в текстах социальных сетей: коммуникативный аспект // Вестник ВГУ. Серия: филология. Журналистика – 2015. – №3. – С. 123-127.
- 12 Bandura A., Ross D., Ross S. A. Transmission of Aggression through Imitation of Aggressive Models // Journal of Abnormal and Social Psychology. – 1961. – № 63. – P. 575-582.
- 13 Peter D. MacIntyre, Jesslyn Doucette. Willingness to communicate and action control. // Elsevier. Syst. 38 (2010) 161-171. <https://doi.org/10.1016/j.system.2009.12.013> (accessed 13 December 2024).
- 14 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – С. 261.
- 15 Elliott A., Urry J. (2010). Mobile lives: self, excess and nature. London and New York: Routledge Taylor&Francis Group.

Материал поступил в редакцию журнала 13.03.2025

## Conflict and Linguistic Aggression in Speech Situations

G. Zakiryayeva<sup>1</sup>, S. Zhirenov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>«Kazakh National Pedagogical University named after Abai» NCJSC, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

*Language, as a complex and multifaceted system, performs numerous functions—among them, the emotional-expressive function holds a significant place. Through language, individuals express their inner emotions, moods, and psychological states. These emotions may be positive (e.g., joy, surprise, contentment) or negative (e.g., anger, resentment, frustration). However, emotional expression through language is not always received uniformly; while some may interpret a statement positively, others may react negatively, potentially leading to misunderstanding or conflict. This aligns with the well-known proverb: “Of ten troubles, nine come from the tongue.”*

*In this context, conflict and linguistic aggression emerge as interconnected phenomena within communication. Linguistic aggression, as a complex and multidimensional concept, has attracted the attention of researchers across various disciplines. It serves not only as a vehicle for emotional expression but also as a tool for asserting the goals, frustrations, and identities of individuals and social groups.*

*This paper explores the emergence of conflict and linguistic aggression in speech, its impact on social dynamics, and the nature of the linguistic environment. Drawing on theoretical, scientific, and practical perspectives, the study analyzes the role of linguistic aggression in shaping social interactions and communicative behavior within different linguistic and cultural contexts.*

*Key words: language, linguistic aggression, conflict, communication, linguistic personality, virtual space, Internet, discourse, strategy.*

## REFERENCES

- 1 Oxford English Dictionary, available at: <https://www.oed.com/> (accessed 2 December 2024)
- 2 Sadohin, A.P. Mezhekul'turnaya kommunikaciya [Intercultural communication] (Moscow, 2013).
- 3 Äjenova, G.H. Qorlau jäne jala jabu: sarapşynyñ közqarasy [Insult and slander: an expert's point of view] (Almaty, 2013).
- 4 Petrova, N.E. Yazyk sovremennyh SMI [The language of modern media] (Moscow, 2017).
- 5 Jeffrey W. Howard. Free Speech and Hate Speech. Annual Review of Political Science, 2019. P. 93-109 <https://doi.org/10.1146/annurev-polisci-051517-012343>
- 6 Mihajlova, O.A., Mihajlova, YU.N. and Shalina, I.V. Rechevoj konflikt i kommunikativnye scenarii ego garmonizacii: uchebno-metodicheskoe posobie [Speech conflict and communicative scenarios for its harmonization: teaching aid], in Mihajlova, O.A. (ed.) (Ekaterinburg, 2022).
- 7 Sarsenbai, J.A. Qazırgı qazaq tılındegı kommunikativtı täjiribe: norma jäne uzus. PhD diss. [Communicative practice in the modern Kazakh language: norm and usage. PhD thesis]. Almaty, 2023. 204 p.
- 8 Sedov, K.F. YAzykovaya lichnost' v aspekte psiholingvisticheskoy konfliktologii [Language personality in the aspect of psycholinguistic conflictology] «Komp'yuternaya lingvistika i intellektual'nye tekhnologii: trudy mezhdunar. konf.» [Computer linguistics and intellectual technologies: works of the international. conf.] (2015). Available at: <https://www.dialog-21.ru/digest/2002/articles/sedov/> [in Russian]. (accessed 18 December 2024).
- 9 Kondrat'eva, S.A. and Chernova, I.S. Vidy rechevoj agressii [Types of speech aggression] Sovremennye nauchnye issledovaniya i innovacii [Modern scientific research and innovation] 5 (2021). Available at: <https://web.snauka.ru/issues/2021/05/95344> [in Russian]. (accessed 21 November 2024).
- 10 Bizaqov, S. Köñıl-küi lebizderın bildiretin söz oramdary. [Phrases expressing moods] (Almaty, 2007).
- 11 Antropova, V.V. Rehevaya agressiya v tekstah social'nyh setej: kommunikativnyj aspekt [Speech aggression in social network texts: communicative aspect] Vestnik VGU [VSU Bulletin] 3 (2015). Available at: <http://www.vestnik.vsu.ru/pdf/philolog/2015/03/2015-03-30.pdf> [in Russian]. (accessed 29 November 2024).
- 12 Bandura A., Ross D. and Ross S.A. Transmission of Aggression through Imitation of Aggressive Models // Journal of Abnormal and Social Psychology. – 1961. – № 63. – P. 575–582.